

**Әлімтаева Л.Т.<sup>1</sup>, Қабылбек А.Б.<sup>2</sup>,**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

<sup>1</sup>доценті, ф. ф. к., <sup>2</sup>II курс магистранты,

Қазақстан, Алматы қ.,

e-mail: alimtayeva.lazzat@gmail.com; ainur\_kabyzbek@mail.ru

## **ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «СӘН» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

Мақалада қазақ мәдениетіндегі «сән» ұғымының қалыптасуы мен дамуының этномәдени сипаты баяндалған. Қазақ халқының этномәдени сипатын айшықтайтын этнолингвизмдердегі «сән» ұғымының берілуі қарастырылған. Қазақ мәдениетіндегі «сән» ұғымының диахрониялық және синхрониялық жағдайын анықтау барысында қазіргі қоғамдық ортаға тәжірибе жүргізіліп, нәтижесі мақалада талданып көрсетіледі. Қазақ халқында сөзі мен ісі, келбеті мен мінезі, киім киіс, жүріс-тұрыс әдебінен бастап тұрмыста қолданатын бұйымдары мен үй-жайлары, жалпылай келгенде этностың қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі «сән» ұғымы қатар жүрген атаулардың этнолингвизмдерде берілуі мен ұрпақ дамуында өзгеріске түсуі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Этнос ұғымындағы «сән» ықпалы қазақ мәдениетінде көптеген жайттардан: көшпенділіктен, тұрғылықты өлкеден, әлемді кеңістік-бейне тұрғысынан қабылдаудан, ежелгі діни және мәдени ерекшеліктері когнитивтік аяда көрініс табатындығы сараланған. Сауалнама барысында қазақы қолөнер бұйымдарына қатысты этномәдени атаулар тіліміздегі пассив қабатқа еніп, бүгінде мән-мағыналары көмескілене бастағандығы тілдік деректер бойынша айғақталған.

**Түйін сөздер:** сән, салт-дәстүр, этнолингвистика, мәдениет, этнолингвизмдер, этномәдени сипат, концепт, когнитивтік таным т.б.

Alimtayeva L.T. <sup>1</sup>, Kabyzbek A.B. <sup>2</sup>

<sup>1</sup> Candidate of Philological Sciences, A/Professor, <sup>2</sup>graduate student  
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: alimtayeva.lazzat@gmail.com; ainur\_kabyzbek@mail.ru

### **Ethnocultural description of the formation and development of the concept «Fashion» in kazakh culture**

The ethnocultural description of the formation and development of the concept of «fashion» in Kazakh culture is presented in the article. It is traced how the concept of «fashion» is revealed in ethnolinguisms representing the ethnic originality of the Kazakh people. In the course of research of the diachronic and synchronous state of the study of the concept of «fashion» in Kazakh culture, the author makes an attempt to conduct an experiment in public environment, the results of which have been analyzed and described in this article. From the scientific point of view, it is evidenced and described how the concept of «fashion» evolved parallel with the formation and development of the ethnos and found its direct reflection in words and deeds, in appearance and character, in culture and behavior, as well as in products and household items the names of which are embodied in ethnolinguismsexposed to changes in the process of intergenerational transmission. Particular attention is paid to the influence of the concept of «fashion» on different manifestations of Kazakh culture: a nomadic way of life, a spatial image of the world, an ancient religious and cultural worldview that is reflected in the cognitive sphere. In the process of questioning, it is revealed that ethno-cultural names related to Kazakh folk craft became a passive reserve, and now their meanings have become distorted.

**Key words:** fashion, customs and traditions, ethnolinguistics, culture, ethnolinguisms, ethnocultural-description, concept, cognitive knowledge.

Алимтаева А.Т.<sup>1</sup>, Кабылбек А.Б.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>к. ф. н. доцент, <sup>2</sup>магистрант II курса  
Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: alimtayeva.lazzat@gmail.com; ainur\_kabylbek@mail.ru

### Этнокультурное описание формирования и развития понятия «мода» в казахской культуре

В статье представлено этнокультурное описание формирования и развития понятия «мода» в казахской культуре. Прослеживается, каким образом раскрывается понятие «мода» в этнолингвизмах, репрезентирующих этническое своеобразие казахского народа. В ходе исследования диахронического и синхронного состояния изучения понятия «мода» в казахской культуре автором предпринята попытка проведения эксперимента в общественной среде, результаты которого проанализированы и описаны в настоящей статье. С научных позиций доказаны и описаны, каким образом понятие «мода» эволюционировало параллельно с формированием и развитием этноса и находило свое непосредственное отражение в словах и делах, во внешнем виде и характере, культуре поведения, а также в изделиях и предметах домашнего обихода, названия которых запечатлены в этнолингвизмах, подвергшихся изменениям в процессе межпоколенной трансмиссии. Особое внимание уделяется влиянию понятия «мода» на разные проявления казахской культуры: кочевой образ жизни, пространственно-образное восприятие мира, древнее религиозно-культурное мировоззрение, что находит отражение в когнитивной сфере. В процессе анкетирования было выявлено, что этнокультурные наименования, относящиеся к казахскому народному рукоделию, перешли в пассивный запас и в настоящее время их значения стали искажаться.

**Ключевые слова:** мода, обычаи и традиции, этнолингвистика, культура, этнолингвизмы, этнокультурное описание, концепт, когнитивное познание.

### Кіріспе

Тіл – халықтың, ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, діні мен мәдениетінің айнасы екені ақиқат. Тіл білімі саласында, тіл тек қатынас құралы емес, әрбір ұлт немесе халықтың тарихынан, салт-дәстүрінен, мәдениетінен хабардар ететін форма ретінде қарастырылады. Тілдің бұл қасиеті жөнінде әйгілі академик, ғалым Ә. Қайдар: «Тіл тек қатынас құралы емес, сонымен қатар этникалық (*халықтық, ұлттық*) мәдениеттің көрнекті позициядағы негізгі формаларының бірі болып табылады» (Kaidarov A., 2013: 608) – деп анықтайды.

Этнолингвистикалық тілдік деректер тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс арқылы халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде, оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қоғамдағы болып жатқан жалпы бетбұрыстар жайында: «Біз өз мәдениетіміздің, құндылықтарын сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз» деп, атап өтеді. Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар аясында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне, рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр. «Болашақ – өткен тарихты білуден

басталады» дейді Баласағұн бабамыз, ал әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби: «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды» – деген екен. Олай болса, тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері. «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» деп М. Әуезов тегінде бекер айтпаса керек.

Осы орайда қазақ халқында сөзі мен ісі, келбеті мен мінезі, киім киіс, жүріс-тұрыс әдебінен бастап тұрмыста қолданатын бұйымдары мен үй-жайлары, жалпылай келгенде этностың қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі «сән» ұғымы қатар жүрген атаулардың этнолингвизмдерде берілуі мен ұрпақ дамуында өзгеріске ұшыраған жаңашылдығы жөнінде тоқталмақпыз.

Жалпы этнолингвизмдер тілдік қабаттың паремиологиялық қорында (*мақал-мәтелдер*); баламалар мен этнографизмдерде, этнофразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерінде, жұмбақтар, тұрақты тенеулерде, фольклор, ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі.

Мәселен, тілімізде жиі кездесетін киімге қатысты мақал-мәтелдер қазақы ырым-тиымдармен де астасып жатады. Осы күнде ауызекі тілде жиі кездесетін «*сұлуынан жылуы*» деген

мақалдың астары «*жеңіл-желпі сәнді киінгеннен қабаттап жылы киінген жөн*» секілді ұғымдарды меңзей келіп, ұлт танымындағы киімге қоятын бірінші талап деннің саулығына қызмет ету екендігін аңғартады. Қазақ тазалыққа өте үлкен зер салып талап қоятынын басқа да киімге деген тиымнан көрінеді. *Кір киім киюге болмайды*. Киімді әрқашан таза және ұқыпты ұстаған жөн. Таза тиянақты киінгенді қалайтын қазақтың мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан:

Етігі жаман төрге шыға алмас,  
Жеңі жаман ас іше алмас.  
Дос аяғыңа қарайды,  
Дұшпан басына қарайды  
(Turmanzhanov O., 1993: 213) –

деген мәтел адамның бас киімі адамның беделін, байлығын білдіретінін айғақтайды. Киім эстетикасы қазіргі заман талабына сай болуды қажет етіп отырады. Қоғамның дамуына байланысты киімнің сәні де өзгеріп отырған. Адамның әр уақытта сәнге сәйкес киіне білуі оның эстетикалық талғамына байланысты. *Тозбаған киімді тастауға болмайды*. Қазақ халқында тозбаған киімді тастау жаман ырым. Егер оны адам кигісі келмесе, біреуге сыйлау керек. Мұнда халықтың ұқыптылығы, үнемділігі, киім ісмерінің еңбегін бағалағаны білінеді.

Қазақы киімнің ерекшелігі, оның жеңін бір қарыс ұзын етіп тіккен, ал қысқы киімдерінің етегі кең болып келген. Көшпенді ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз төрт түлік мал өсірген халық үшін әрі баспана, әрі төсек болды. Ұзын жең ат үстіндегі адамның толып жатқан қажеттіліктеріне қызмет атқарған. Өте ұзын немесе қысқа киім кию адам жұмыс істеген кезде қолайсыздық тудырған. Бұл халық тіршілігін терең түсінген халық даналығынан туған, өмір тәжірибесінің нәтижесі. Жарасымды киіну ол ең алдымен адамның үстіне киген киімінің бойына, түсіне, жас ерекшелігіне, пішіміне үйлесімді болуы керек.

Адамның киіміне қарап қарсы ал,  
Ақылына қарап шығарып сал.  
Өзі сыпайының тоны да сыпайы –

деп адамның киіміне қарап оның талғампаздығын, қызметін, ой парасатын және ұқыптылығын байқауға болады.

Адам көркі шүберек,  
Ағаш көркі жапырақ –

деп ағашқа көрікті жапырақ, ал адамға әдемі, сәнді, жарасымды киінгенді қалайтынын көрсетеді. Әсіресе, қыз баланы өте әсем, ажарлы киіндіруге тырысатын.

Алтын кемер белге сән,  
Ақылды жігіт елге сән.  
Алтын балдақ қол сәні,  
Әшекей кесте тон сәні.  
Әйел көркі – шүберек  
Асыл шапанды асылмен астарла.  
Кісі киімді көркемдесе,  
Киім кісіні көркемдейді.

Келер ұрпақтың ақылды, арлы, жігерлі болғанын тілеген ата-бабаларымыз киім қасиеттерімен салыстырып айтқан:

Жақсы қыз жағадағы құндыз,  
Жақсы жігіт көктегі жұлдыз  
Тегі жаман тойда тонымды бер дер,  
Жетіскен жеті шапан киеді.  
Адам болар баланың  
Етек жеңі кең келер.  
Тоғыз қабат торқадан,  
Тоқтышақтың терісі артық  
(Ел аузынан)

Киім кию мәдениеті арқылы эстетикалық талғамды дамытып, ол жастардың тәрбиесіне зор ықпал еткен. Әр адамның отбасылық жағдайы киімінен көрінетін, отбасы болу үшін киім арқылы міндет, парыздарды да арқалауы керектігін көрсеткен. Қыз бала басына орамал салуға тыйым салынатын. Тек тұрмысқа шыққаннан соң орамал тағатын. Өнерпаздар, сал-серілер, ақындар да әрдайым ерекше сәнді киініп жүрген.

Үйлену салтында күйеу мен қалыңдықтың ерекше әсем киіндіретінінен жаңа отбасы құрған жастарға халқымыз өте үлкен үміт артқанын көрсетеді. Киім адамның жас ерекшелігіне, киілу мерзіміне, жеріне байланысты кию қажет болған.

Киім жасау тәсілдерін үйрету үшін баламен бірге анасы еңбек етіп, өзінің өнегесін көрсетеді. *Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы*, – деп ата-анасы балаға әртүрлі жұмыстарды тапсыратын.

Киім тігу өнері өнершілердің еңбегін талап етеді. Дұрыс күтімі болған малдың еті де, жүні де сапалы болады.

1 Малды дұрыс күте білудің өзі бір – өнер. Малдың жүнін сұрыптау, жүннен жіп иіру,

жіптен мата тоқу, малдың терісін илеу, оны сұрыптау, маталарға бояу жасау, маталарды бояу, адамның тұрпатын, беделін, жағдайын талдап, киімнің үлгісінің үйлесімділіктерін келістіру, матадан киім үлгілерін тігу, пішу әдістерін табу, пішілген киімді дұрыс тігу, тігілген затты әшекейлеу бұл тек бір киім тігу мақсаты үшін жасалатын әрекеттер. Мұның бәрі жеке өнер, яғни киім қаншама өнерді үйренуге ықпал жасап, қазақ халқының тұрмыстық мәдениетінің негізін құрайды (Seidullaeva M., 2014: 227)

Аталған өнерлердің көбін жалғыз адам ғана істемейтін. Мысалы, жүн бояу, мата жасау, ою-өрнек салу үшін арнайы елден қас шеберлер шақырылатын ерекше дәстүр де қалыптасып отырған.

Әр ұлт өзіне тән ұлттық ғимараттарымен, ұлттық киімімен ерекшеленіп танылған. Тәуелсіз мемлекет болған Қазақстан өзінің ұлттық тарихын жалғастыруда көп өнерлі, талапты, білімді адамдарды қажет етеді.

Мәселенің түйткілін шешуде өнер саласындағы мамандардан бөлек, тілші ғалымдар да шет қалмақ емес. Қазақ этномәдени сипатын танытатын «сән» ұғымына қатысты ұлттық этнолингвизмдерді жинақтап деректерге талдау жасау, сондай-ақ зерттеу нысанына айналған «сән» ұғымының статикалық және динамикалық жай-күйін анықтау мақсатына орай қазіргі қоғамдық санада қалыптасқан «сән» ұғымының концепттік, когнитивтік өрісін ашып тану арқылы, өткені мен қазіргі қалпын салыстыру мақсатында арнайы қазақы қоғамдағы жас ерекшелігі әртүрлі ортаға арнайы сауалнама алынып, зерттеу жүргізілуде.

### Эксперимент

Ғылыми мақсатта құрылған арнайы электронды сауалнама сұрақ-жауап және тест түрінде құрылды. Сауалнама «сән» ұғымына қатысты логикалық сұрақтармен қатар қазақы этномәдени ұғымдарға жататын кейбір этнографиялық атаулардың мәнін табу көзделген қысқаша сұрақтар қамтылған. Арнайы құрастырылған сауалнамадағы жалпы сұрақтар саны – 9. Сұрақтарға жауап беруші респонденттердің жас мөлшері 12-50 жас аралығы ер және әйел кісілерден алынды. Жалпы онлайн сауалнамаға қатысқан адамдар (*ақыл-есі дұрыс*) саны – 132.

Сәнге байланысты қойылған сұрақтар қатарына: «Сән» дегеніміз не? («Сән» ұғымын қалай түсінесіз, пікіріңізді қысқаша жазып көрсетіңіз); Мен және сән? (Өміріңізде «сән»

*қанишалықты рөл ойнайды, көрсетіңіз); «Сәнді киім» жөнінде ақпарат (Сән әлеміндегі жаңа топтамалар мен үлгілер жөніндегі ақпаратты қайдан аласыз, көрсетіңіз); Киім-кешек және түс (Сіз үшін сәнді киім түр-түсімен ерекшелену қажет пе? Егер олай болса қандай түстерді таңдар едіңіз?); Сәнді формалар (Мемлекеттік мекемелер мен арнайы қызмет саласында жұмыс істейтін қызметкерлерге, оқитын оқушылар мен ЖОО-на дейінгі студенттер арасындағы киім үлгісі қандай болу қажет? Оның заманауи сән үлгісіне қатысы бар ма?); Өміріңізде қазақы ұлттық сәнді колөнер бұйымдарын тұтынасыз ба? (Зергерлік әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар, ұлттық киімдер т.б.); Ою-өрнектер (Қандай қазақы ою-өрнек түрлерін білесіз? Өзіңізге таныс ұлттық ою-өрнек атауларын жазыңыз); «Қосалқа» дегеніміз не? Киіз үй жиһазының бірі – «Туатаяқ» (Аталған сәндік жиһаз жөнінде қандай ақпаратыңыз бар, көрсетіңіз) сипаттағы сұрақтар қойылды.*

Жалпы алынған сауалнама сұрақтарының нәтижесіне жекелей тоқталып өтер болсақ, біршама қызықты деректерге көз жеткіземіз. Сауалнама қорытындысы бойынша алынған жауаптардың қысқаша статистикалық көрсеткіші төмендегідей:

1. «Сән» дегеніміз не? («Сән» ұғымын қалай түсінесіз, пікіріңізді қысқаша жазып көрсетіңіз). Сән – әр адамның ішкі дүниесін киімнің арқасында сыртқа шығару (*студент, 19 жас*); сән ол кейбір адамдарға қызық, кейбіреулерге қызық емес нәрсе деп ойлаймын (*әйел, 22 жас*); адамның өзіне жарасымды, үйлесімді киім кию (*ер, 25 жас*); сән – өзіңе ұнайтындай және заманға сай үлгіде болу (*әйел, 18 жас*); мода это – комфорт и умение со вкусом одеваться (*әйел, 14 жас*); әрбір адамның өзіне тән сән үлгісі болады. Яғни күнделікті әрбір адамның өз ішкі дүниесін сол сән арқылы шығару мақсатында қолданылатын дүние, яғни киім-кешек. Демек қазіргі таңда ең көп қолданысқа ие нәрсе (*әйел, 23 жас*); сән – түс үйлесімділігімен киім кию мәдениетін өзіндік қалыптастыру. Әр адамның қалауынша өз талғамымен киіну (*әйел, 21 жас*); сән дегеніміз – менің ойымша өз қалауыңмен заманға сай киіну (*ер, 21 жас*); сән – өз талғамына сай сәнді киім кию (*ер, 18 жас*); сән дегеніміз менің пікірімше, адам өзіне жарасатын, ерекше етіп көрсететін, бір қарағанда көрген адамның көңілі толатындай болып киіну (*әйел, 19 жас*); әдемі, жарасымды киіну (*әйел, 21 жас*); әдемілік. Сыртыңды жасандырғандай, ішінді де жасанды-



ру. Оның да сәні кетпес үшін рухани әрлеу. Со-сын барынша әдемі болу, мінезбен, сөзбен, киім киіспен (*әйел, 33 жас*); сән мен үшін өзіңе деген сенімділік (*ер, 27 жас*); сән дегеніміз – киім кию мәдениеті, қоғамның дамуына байланысты сән де өзгеріп тұрады (*әйел, 23 жас*); заман талабына сай киіну (*ер, 26 жас*); сән дегеніміз – белгілі бір уақыт аралығында қоғамның мәдениетін, тұрмысын, этикасын айшықтайтын киім кию әдебі (*әйел, 19 жас*); жалпы «сән» ұғымын әркім әрқалай қабылдайды. Сән – адамның ұшқыр қиялынан туындайтын, әр адамның өзіндік ойын бейнелейтін творчестволық бейне (*әйел, 23 жас*); сән дегеніміз – әдемілік (*ер, 27 жас*) т.б.

### Нәтиже мен талқы

Тәжірибеден байқалғандай «сән» ұғымын әртүрлі жас мөлшердегі респонденттердің басым көпшілігі, әсіресе әйел адамдар – *талғамғасай киіну, өз қалауыңмен заманға сай киіну, ең көп қолданыстағы киім* деп түсінсе, ер азаматтар – *үйлесімді киім кию, заман талабына сай киіну, әдемілік, өзіңе деген сенімділік* деген тұжырымдардың басым екендігін байқаймыз. Ерлер мен әйелдер арасындағы қатар ұғым – *заман талабына сай киіну*. Демек, қазіргі қоғамда «сән» ұғымы ұлттық этномәдени ұғымдардан алшақтап, жаңа когнитивтік танымға ие *«қазіргі қоғамда танымалдыққа ие болған жаңа үлгідегі киімдерді кию»* ұғымымен астасады.

Келесі қойылған сұрақ «мен және сән» туралы. Яғни, адамның жеке өмірінде «сән» қаншалықты маңызға ие екендігін анықтау барысында бірнеше жауаптармен төмендегінше берілді:

2. Мен және сән? (*Өміріңізде «сән» қаншалықты рөл ойнайды, көрсетіңіз*):

– Маған келесі жылы не киетініміз қызықтырады – 12 (9,09%)

– Көпшілік қалай киінеді, солай киінуге тырысамын – 0 (0%)

– Өзіме қалай ұнайды, солай киінемін – 108 (81,82%)

– Ұлттық үлгіде тігілген киімдерді кигенді ұнатамын – 6 (4,55%)

– Сән қумаймын – 6 (4,55%)

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей информанттардың басым көпшілігі (*108 инф. 81,82%*) өзіне қалай ұнаса, солай киінгенді ұнатады екен. Демек, қазақы қоғамда «сән қуу» (*батыстық сән киім үлгілеріне еліктеу*) аса белең алған жағдай емес. Көпшілік өз талғамына сай киінгенді жөн санайтындығын байқаймыз.

Келесіде «сәнді киім» жөніндегі ақпарат аталатын сұрақтар айдарында сәнге айналған киім-кешектер туралы ақпараттар мен жаңа мәліметтерді қайдан алатындығын анықтау мақсатында қойылды. Аталмыш сауалнама сұрағы төмендегінше:

3. «Сәнді киім» жөнінде ақпарат (*Сән әлеміндегі жаңа топтамалар мен үлгілер жөніндегі ақпаратты қайдан аласыз, көрсетіңіз*)

– «Сән» жөніндегі телебағдарламаларды көремін – 12 (9,09%)

– Сәнді жаңа топтамалар жөнінде каталогтар мен журналдар оқимын – 18 (13,64%)

– Сәнді киімдер топтамасы көрсетіліміне қатысамын – 18 (13,64%)

– Достарымнан білемін – 30 (22,73%)

– Басқа – 54 (40,91%)

Жоғарыда келтірілген дерек көздері бойынша «сәнді киім» жөніндегі ақпаратты сауалнамаға қатысушы респонденттің 41% жуығы «басқа» деп, ал 22,73%-ы достарынан білетіндігін белгілеген. Сауалнама нәтижесінен қоғамның көпшілік үлесі жақын араласатын дос-жарандарынан «сәнді киім» жөнінде ақпарат алмасу арқылы білетіндерін көрсетеді.

Қазақы қоғамда киім-кешектің түр-түсі ежелден маңызды рөл атқаратындығы тарихымызда белгілі. Әсіресе этномәдени тұрғыда жас ерекшелікке сай ер мен әйелдердің арнайы киім түстерін таңдап киетін болған. Мәселен, *ақ жаулықты әже, қызыл бешпентті қыз, қоңыр қамқалы тон киген жігіт ағасы* секілді түркестер тілімізде жиі қолданған. Ал, қазалы жерде «қара» түсті киім кию этностың «қаралы үй» секілді символикалық астарлы мән үстейтін ұғымдар екендігін көпшілік қауымның қазірде бірі білсе, бірі біле бермейді. Осы мақсатта қазіргі қоғамда киім мен оның түсіне қаншалықты мән берілетіндігін анықтау үшін бірнеше жауаптармен берілген арнайы сұрақ қойылды. Ол:

4. Киім-кешек және түс (*Сіз үшін сәнді киім түр-түсімен ерекшелену қажет пе? Егер олай болса қандай түстерді таңдар едіңіз?*)

– Мен үшін киімнің түр-түсі маңызды емес – 0

– Ағымдағы жыл киімдер үлгісінде сәнге айналған түр-түстерге назар аударамын – 18 (13,64%)

– Өзіме ұнайтын белгілі түстегі киімдерді таңдаймын – 114 (86,32%)

– Ұлттық менталитетімізге сай киім түстерін таңдағанды жөн санаймын – 0

Сауалнамаға қатысқан 114 информант «өзіме ұнайтын белгілі түстегі киімдерді таңдаймын» деп жауап берген. Нәтиженің бұлай көрсетуі

қоғамда ұлттық танымға қарағанда заманның жаңа ағысына бет бұру, яғни адам киім-кешек таңдағанда түріне, түсіне, дене бітімі мен қызметіне, психологиялық танымына сай түр-түстерді таңдайтындығы дәлел болуда. Жауаптар қатарындағы соңғы нұсқаны таңдамаудың да себебі осыда жатса керек.

Қазірде Қазақстан ұлттың армиясы, ұлттың соты, әуе темір жол қызметкерлері, академиктер, олимпиада жеңімпаздары т.с.с. ерекшелендіруді қажет ететін ұлттық кәсіп қызметкерлері қалай киінуі қажет деген сауалдар әліде туындап жатыр. Сонымен қатар ұлттық сән ғимараттары қандай киім үлгілерін жасап, халықаралық подиумдарында өздерін ұлт ретінде таныта алады деген сұрақтардың жауабында жастар тәрбиесіне тигізетін ықпалы мол. Аталған мәселелерді дұрыс шешу үшін халықтың киім кию мәдениетіндегі құнды мұраларын жандандыру бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бірі. Осы орайда қоғамның пікірін танып-білу мақсатында «сәнді формалар» атты сауалнамаға арнайы сұрақ ұйымдастырылды. Жауаптар төмендегінше:

5. Сәнді формалар (*Мемлекеттік мекемелер мен арнайы қызмет саласында жұмыс істейтін қызметкерлерге, оқитын оқушылар мен ЖОО-на дейінгі студенттер арасындағы киім үлгісі қандай болу қажет? Оның заманауи сән үлгісіне қатысы бар ма?*)

– Қатаң және сәнге ешқандай қатысы болмау керек – 0

– Қазіргі сән үлгілеріне сәйкес келгенін қалар едім – 48 (36,36%)

– Ұлттық символдар мен рәміздер бейнеленген киім үлгісі болса игі еді – 36 (27,27%)

– Басқа – 42 (31,82%)

Байқағанымыздай, информанттардың 37%-ға жуығы «қазіргі сән үлгілеріне сәйкес келгенін қаласа», 27,27%-ы «ұлттық символдар мен рәміздер бейнеленген киім үлгісі болса игі еді» деп, ал қалғандары «басқаны» белгілеген. Демек, пікірлерде бірізділік жоқ. Қоғам екіге жарылған. Бірі – ұлттық мүддені ойласа, енді бірі – заманауи батыстық үлгідегі киімдерді қалайды.

Қазақ халқының этномәдени сипатын танытатын заттардың бірі – ұлттық сәнді қолөнер бұйымдары. Қолөнер бұйымдарына: *зергерлік өнер, ағаш және темір ұсталығы бұйымдары, тігіншілік өнері, етікшілік өнері, еришілік өнері* т.б. жатады. Қазірде осы бұйымдар қаншалықты қолданыста және сұранысқа ие екендігін төмендегі сауалнама сұрақ-жауабынан байқаймыз:

6. Өміріңізде қазақы ұлттық сәнді қолөнер бұйымдарын тұтынасыз ба? (*Зергерлік әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар, ұлттық киімдер т.б.*)

– Ия – 12 (9,09%)

– Жоқ – 18 (13,64%)

– Кейде – 90 (68,18%)

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей қазірде ұлттық сәнді қолөнер бұйымдарын күнделікті тұрмыста аса көп пайдаланбаса да кей жағдайда қолданатындықтарын көрсетеді.

Ертеде қазақ халқы өз қолөнерінде ою-өрнектерді кеңінен қолданған. Әдемі киімдер тігіп, үйдегі тұрмыстық бұйымдарды әсемдеп, зергерлік заттарды өрнектеген шеберлер де көп болған. Ою-өрнек халықпен бірге жасасып, оның рухани материалдық игілігіне айналып келеді. Бүгінгі таңда қайта дамып, бай мазмұн, жаңа түр тауып, өнер саласында биік деңгейде дамуда.

Ғұлама ғалым Ә. Марғұланның «Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді» деп айтқанындай, қазақ халқының ұлттық бұйымдарының барлығынан ою-өрнектің небір ғажайып үлгілерін көруге болады. Сол ою-өрнек әсемдік пен сәндіктің белгісі ғана емес, ол халықтың арманы, мақсатының, тілек мүддесінің нышаны, осы тұрғыданалып қарағанда, ою-өрнектің мазмұндық ерекшелігі сан алуан, астары терең.

Ендігі кезекте қазіргі қоғамда жастардың қазақы ою-өрнек жөнінде қаншалықты мәліметі бар, сәндік өнерде аталмыш өрнектерге қаншалықты мән берілетіндігін анықтауда сауалнамаға арнайы сұрақ құрылды. Нәтижесі келесідей:

7. Ою-өрнектер (*Қандай қазақы ою-өрнек түрлерін білесіз? Өзіңізге таныс ұлттық ою-өрнек атауларын жазыңыз*): Айта берсең түрі көп; білмеймін (5); еш; геометриялық түрін білем, аттарын білмеймін, жануарларға байланысты: мүйіз, қошқармүйіз, гүлдерге байланысты; қошқар мүйіз (54); найза; арқар мүйіз (12), айбалта, жұлдыз; құсмұрын (4), қос қанат, теңіз белгісі; жан-жануарлар мен өсімдік бейнеленген қазақы оюлар; түйетабан (6); жұлдыз, мүйіз, құсқанаты; сынық мүйіз (3), гүл (2), табан, шиыршық, тұяқ; тарак, ирек, ботакөз т.б.

Қазақы ою-өрнек түрлері мен атаулары жөнінде сұраққа жауап берген информанттардың тең жартысына жуығы (54) «қошқар мүйіз» оюын, ал 9,09%-ы «арқар мүйіз» оюдың таныс екендігін жазған. Осыған сай қазірде, тұрмыс-тіршілік пен қолданатын тұрмыстық

бұйымдардың көпшілігінде *мүйізбен* бедерленген ою түрлерінің жиі ұшырасатындығы қоғамдық санада жақсы сақталған.

Р.Н. Шойбеков: «Қазақ халқының қолөнері – өте ерте замандардан келе жатқан, өсу жолы мен даму тарихы бар, шығу тарихы ғасырлар қойнауының тым тереңінен басталатын, бүгінгі заманымызға шын мәніндегі өнер туындысы ретінде небір асыл мұралар қалдырған мәдениетіміздің үлгісі. Археологиялық деректер мен тарихи жазба ескерткіштердің деректеріне қарағанда, қол өнері Қазақстан жерінде екі-үш мың жыл бұрын пайда болып, қаншама тайпалардың шығармашылығы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, мәдени мұраға айналды» (Shoibekov R.N., 2012: 3) – дейді.

Сауалнаманың келесі сұрақтары қазақ халқының қолөнер бұйымдарына жататын «қосалқа», «туатаяқ» секілді этномәдени атаулардың ұғымдардан қазіргі әлеумет қаншалықты хабардар екендігін анықтау мақсатында қойылды. Алдымен атауларға тоқталсақ:

**ҚОСАЛҚА** *Күміс бетінде қосарлана келіп, жүрек бейнесіндегі алқаны бейнелейтін ою.* «Қосалқа» – қазақ оюларының ішінде көп тарағандардың бірі; ...кейде алқа, сырға, жүзктің көзі сияқты заттарда қосарлана келіп, жүрек бейнесіндегі алқаны бейнелейді (Kasimanov S., 1969: 39).

**ТУАТАЯҚ** диал. *Киіз үйдің шаңырағына іліп қоятын, бірнеше ашалы, мүйізбен әшекейленген киім ілгіш* (Shoibekov R.N., 2012: 194).

Сауалнама нәтижесі:

8. «Қосалқа» дегеніміз не? Мойынға тағатын әшекей бұйым – 60 (45,45%); сақина түрі – 6 (4,55%); ою-өрнек атауы – 30 (22,73%); ертұрман атаулары – 0; басқа – 18 (13,64%).

9. Киіз үй жиһазының бірі – «Туатаяқ» (*Аталған сәндік жиһаз жөнінде қандай ақпаратыңыз бар, көрсетіңіз*): Сүйекпен әшекейлеп жасаған төсек, кереует – 0; Кереге желілерінің астына қойылған жастық ағаш – 18 (13,64%); мүйізбен әшекейленген киім ілгіш – 48 (36,36%); сандық, кебеже – 7 (5,3%); ақпаратым жоқ – 54 (40,91%).

Көрсетілген деректер бойынша «қосалқа» атауын көбінесе (45,45%) мойынға тағатын әшекей бұйым ретінде таныса, ою-өрнек атауы екендігін 36,36%-ға жуығы анықтаған. Ал, киіз үй жиһазының бірі – «туатаяқ» жөнінде тең жартыға жуық информанттардың ақпараты жоқ болса, 36,36%-ға жуығы мүйізбен әшекейленген киім ілгіш екендігін белгілеген. Жалпылай, қазақы қолөнер бұйымдарына қатысты этномәдени атаулар тіліміздегі пассив қабатқа еніп, бүгінде мән-мағыналары көмескілене бастағандығы тілдік деректер бойынша айғақ болады.

### Қорытынды

Сөзімізді түйіндесек, қазақы этномәдени сипатқа ие «сән» ұғымы қатар жүрген қолөнер бұйымдарының бірі тігіншілік өнеріне қатысты – ұлттық киімдер болса, ұлттың тарихи дамуы барысында талғам мен талаптың орын алуы, когнитивтік танымның алмасуы бұл ұғымдарды өзге қырынан танытады.

Әр халықтың тарихы бірегей, бұл сандаған ұрпақтың баға жетпес тәжірибесі. Ол азаппен келген тәжірибе. Содан да көшпелілердің рухани өмірін оның өз тарихынсыз елестету мүмкін емес. Өйткені түсіну арқылы адамның бүгінгі көзқарасы тұлғаның зерделі және мәдени дамуын бағалаудың анық дәл өлшемдерінің бірі. Оны тану арқылы туған жерімізді оның ұлы шежіресін құрметтеп, сүйе түсеміз.

### Әдебиеттер

- Қайдаров Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т. 3: Табиғат. – Алматы, 2013. – 608 б.  
 Тұрманжанов Ә. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 213 б.  
 Сейдуллаева М. Қазақтың ұлттық киімдерінің негізінде жастарға эстетикалық тәрбие берудің педагогикалық бағыттары // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2014. – №2(42). – Б. 227-230.  
 Шойбеков Р.Н. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2012. – 312 б.  
 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1969. – 187 б.

### References

- Kaidarov A. Kazak tarana tili aleminde: etnolingvistikalyk sozdik [Kazakhsintheworldofthenativelanguage:theethnolingusticdictionary] T. 3: Tabigat. Almaty, 2013. 608 p.
- Turmanzhanov U. Kazak makal-matelderi [Kazakhproverbsandsayings] Almaty: natiavelanguage], 1993. 213 p.
- Seydullayev M. Kazak tynulttyk kimderininnegizindezhastargaestetikalyyktarbieberudinpedagogikalyykbagyttary [Pedagogical directions of aesthetic education of young people on the basis of Kazakh national clothes] Bulletin of KazNPU named after Abai. Series of pedagogical sciences. 2014, No. 2 (42) See p. 227-230.
- Shoibekov R.N.Kazak koloneriatylymdarinintusindirmesozdigi [An Expository Dictionary of Kazakh Handicrafts.] Almaty: Sardar, 2012. 312 p.
- Kasimanov S. Kazak xalkynynkoloneri [Crafts of the Kazakh people]. Almaty, 1969. 187 p.